В рекламе товаров и услуг для отдыха важно подчеркнуть возможность расслабления, переключения на что-то новое, на получение удовольствия. Сама реклама должна выглядеть достойно, обещать людям праздник. Убогие текст и визуальный ряд отобьют желание у тех, кто хотел бы отвлечься от рабочих и бытовых будней.

Акцент лучше делать на том, что люди уже знают и что хотят особенно увидеть. Удовольствия от неизвестных им объектов можно пообещать в виде бонуса к известному.

Уместные в туристической рекламе ключевые слова:

- «безопасно»;
- «прекрасные ощущения»;
- «для всей семьи»;
- «полезно и приятно»;

- «мечта отдыхающего (бегающего, плавающего, катающегося и т.д.)»;
- «расслабьтесь»;
- «отдохните всей семьей».

Возможно, у фирмы есть потрясающие программы по медицинскому туризму в Израиле и Германии, но клиенты об этом не догадываются, полагая, что, как и все, эта фирма может предложить только стандартную экскурсионную программу. На визитке может быть написано, что ее предъявителя ждет сюрприз (подарок, бонус) или что при предъявлении ее в офисе можно получить бонусную карту почетного покупателя.

Люди охотнее обращаются к известным компаниям и к менеджерам - консультантам, чьи фамилии на слуху, чем к неизвестным людям. Существует мнение, что на раскрутку собственного имиджа нужно тратить много денег, – это мнение неправильное. Деньги, если их нет, всегда можно заменить временем. Для этого нужно просто находить злободневные темы на различных туристических порталах и оставлять там комментарии. При этом писать не два-три слова: «Согласен», «Ерунда», «У меня другое мнение», а нормальные осмысленные тексты.

Если фирма находится в крупном городе, например, в Москве, Киеве или Минске, и занимается внутренним туризмом, то, вероятно, они серьезно заинтересованы в приеме групп из других городов. Можно потратить деньги на рекламные объявления. Но есть и другой вариант: участвовать в различных диспутах, спорить, соглашаться, опровергать, но везде очень ненавязчиво указывать, что именно человек этой фирмы – специалист по приему групп. Буквально через несколько месяцев работник станет очень узнаваемой личностью на туристических форумах. И как только кто-то начнет искать партнера в крупном городе, он невольно вспомнит о нем.

На выхлопе получается следующее: совсем не обязательно размещать рекламу на туристических порталах - это, конечно, эффективно, но дорого. Нужно искать порталы другой тематики, но при этом понимать, какое объявление имеет смысл там разместить. Нужно создать такое рекламное объявление, которое будет отличаться от всех. Если у всех основные цвета - желтый с голубым, то оформлять свое объявление надо в зеленых и красных тонах. Только тогда люди и заметят.

Особенное внимание нужно обратить на заголовок, именно он в первую очередь должен привлекать внимание. «Необычное предложение», «Уникальная возможность», «Впервые в городе», «Туры для прапорщиков», «Путешествие для натуральных блондинок», «Увлекательная поездка для лысых» - все это позволит выделиться из общей массы, которая пишет «Туры во все страны мира».

Туристов много не бывает. Вряд ли сотрудники туристических агентств станут спорить с данным утверждением.

Однако прямые попытки продать тур незнакомым людям обычно не завершаются успехом. В конце концов, турфирма – не розничный торговец вроде тех, что ходят по электричкам и предлагают различные товары. Один из эффективных путей продвижения рекламного продукта называется «бесплатная информация». Кто лучше работников турфирм знает особенности разных стран - традиции, интересные факты, смешные истории про местных жителей страны и многое другое? Ведь все бывают в рекламных турах, получая множество всевозможной информации на эту тему [5].

Также существует очень много не совсем стандартных, но очень полезных и эффективных подходов к раскрутке агентства или турпродукта.

Индустрия туризма отличается от всего остального, потому что вместо продукта продают место и все то, что туризм может предложить. Возникает большая серьезная конкуренция со всем миром и в любом месте, когда идет продвижение туристского продукта в тот или иной пункт назначения; и этот высокий уровень конкуренции требует творческого и уникального подхода. Чтобы быть успешным, маркетинг туристского продукта должен постоянно выдвигать наилучшее, уникальное описание места отдыха, сделав все возможное, чтобы создать как можно больше интереса в широком масштабе. И использовать нужно как можно больше способов, насколько это предлагаю современные

реалии.

Партнерские отношения и программы помогают максимизировать маркетинговый успех и достичь более широкой аудитории, и по максимуму приблизится к желаемой клиентуре для данного вида туризма и к желаемому результату при продвижении своего турпродукта. Вместо того, чтобы самостоятельно пытаться создать широкую базу потребителей данного туристского продукта, потратив на это кучу времени и сил, можно найти партнеров, которые уже имеют такую базу и уже создали необходимые условия, приносящие пользу обеим сторонам партнерства. Например, можно заключить маркетинговый договор с национальным туристическим агентством. Затем предоставить их клиентам специальные предложения, акции и скидки в обмен на доступ к общенациональной клиентской базе. Скорее всего, за привилегию придется заплатить, но отдача может значительно перевесить расходы, а альтернатива построения собственной национальной сети зачастую нереальна.

Торговые выставки обеспечивают пункт с доступом к каждому поставщику туризма, как в регионе, так и за его пределами, к каждому продавцу путешествий и к каждой компании, которые продают или хотят продать свой тур широкой общественности и тем, кто имеет интерес к предлагаемым продуктам. Результаты плохими не будут, если фирма решит поучаствовать в существующих торговых выставках и шоу не только в своей прилегающей территории, но и по всей стране. Также можно собственоручно организовать свой туристический слет, чтобы привлечь внимание и получить прирост клиентов, результаты будут весьма впечатляющими. Такие выставки объединяют все аспекты и виды в туристской индустрии в одном месте и в одно время, формируют условия для объединения фирм и компаний, для их взаимодействия и новых сделок и договоров. Также такие мероприятия обращают большое внимание средств массовой информации, если информация распространится как можно дальше, то на такой выставке может собраться несколько национальных туристических агентств, которые, в свою очередь, приведут свою многомиллионную базу клиентов.

Вынести рекламу в специализированные издания – еще один очень полезный маркетинговый ход. Это помогает туристическим фирмам обратить большое внимание на свой предлагаемый турпродукт. Стоит создать бренд для вашего направления, который бы говорил за фирму, что она предлагает и почему. Например, Лас-Вегас смогли построить себе скрытный образ путем создания лозунга: «Все, что происходит в Вегасе, остается в Вегасе». Теперь каждый год Лас-Вегас принимает тридцать семь с половиной миллионов туристов каждый год. Каждую ночь в Вегасе снимают сто тридцать пять тысяч комнат в своих отелях. Но основная суть не в этом. Этот самый слоган за удивительно короткий срок ушел в людские массы. Эта фраза была произнесена губами миллионов американцев, начиная простым дворником и заканчивая первой леди США – Лорой Буш. Стоит только найти сходства предлагаемых услуг с чем-либо, описать все это для общественности, чтобы люди понимали, почему они хотят воспользоваться ими. Размещение объявлений интеллектуальным и целенаправленным образом – это заключительная часть головоломки. Создание большинства таких объявлений является очень важным для того, чтобы получить много заказов и новый приток клиентуры.

Рекламные мероприятия и подарки от чистого сердца произведенные фирмой создают уровень престижа бренда. Спонсорство доступно во всех формах и размерах, от местных событий до национальных, каждое из которых имеет свою целевую аудиторию и определенный набор льгот. Для этого стоит следить за происходящими событиями в определенных регионах, фирма собирается продвигать свое дело. К примеру, если рекламировать большую новую художественную постановку, стоит заглянуть на художественные выставки под открытым небом или в национальные конвенции искусства, чтобы определить возможность спонсорства. Телевизионные события имеют огромное преимущество среди других видов средств массовой информации; это фактор, который умножит потенциал рекламы до значительных высот. Также это имеет тенденцию к увеличению стоимости и пользы в спонсорстве.

Согласно этой схеме, есть разработка рекламных процессов, а также на территориях, а затем остальное входит в законы рыночной экономики; переход от одного этапа к другому происходит быстро, что часто приводит к искажениям и противоречий [6].

Важной задачей при создании рекламы является создание образа туристского продукта. Как и в других потребительских товарах и услугах, мода на туристские поездки и экскурсии постоянно меняется. Поэтому необходимо при изучении потребностей целевой аудитории искать те привлекательные стороны товара, которые придали бы предложению новизну и уникальность, что выгодно отличало бы его от предложений конкурентов и привлекало бы внимание потенциальных потребителей. В связи с этим необходимо упомянуть такой важный элемент туристской рекламы, как слоган.

Слоган – это короткая, но емкая фраза, привлекающая внимание и являющая собой некий девиз фирмы или основную мысль, характеризующую ту или иную услугу. Вот примеры самых удачных слоганов, используемых в российской туристской журнальной рекламе: «Где качество имеет традиции», «Ваши фантазии – наше воплощение», «Нельзя умереть, не увидев Париж!», «Отдыхать – не работать!», «Там, где кончаются проблемы» [5]. Преимущество подобных заголовков в том, что даже при отсутствии возможности использовать много места на полосе или красочные фотографии, они могут привлечь внимание и выделить рекламное обращение из массы заурядных фраз типа «Солнечная Болгария» или «Поддайтесь очарованию Гваделупы». Кроме того, заголовки и слоганы читаются в несколько раз больше, чем основной текст.

Если рассмотреть предложения многих туристских центров, то можно обнаружить их большую однообразность: экскурсионные программы включают некий стереотип объектов показа, что ведет к снижению спроса. Таким образом, продвигаемый через рекламу образ товара, например круиза, должен отражать его потребительские свойства, вселять уверенность в качественном и надежном путешествии. При этом желательно, чтобы за объявлением была видна заинтересованная в хорошей организации тура сторона – конкретная туристская фирма, гарантирующая соответствие рекламы действительному состоянию дел.

ЛИТЕРАТУРА

1. Дмитриева Л. М. Основы рекламы: Учебное пособие. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2007.
2. Дурович А. П. Реклама в туризме: Учебное пособие. – М.: «Новое знание», 2003.
3. Панкратов Ф. Г. Рекламная деятельность: Учебное пособие. – М.: «Дашков и К», 2003.
4. Маркетинг в отраслях и сферах деятельности: учебник / Под ред. проф. В. А. Алексунина.– М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2010.
5. Маркетинг [Электронный ресурс] // Материал из Википедии - свободной энциклопедии. - URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9C%D0%BE%D1%80%D0%BA%D1%82%D0%B8%D0%BD%D0%BD%D0%BE%D0%B9>

УДК 338

КӘСПОРЫНДА МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мамырбекова Д.С., Сактаева А.А., Харсах А.

Авторлар туралы мәліметтер. Мамырбекова Динара Самаркановна - экономика магистрі, аға оқытушы Қазақстан-Американдық еркін университеті; Сактаева Альмира Абешевна - экономика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті; Харсах Айбол - «Менеджмент» мамандығының студенті С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Аннотация. Мақалада маркетингтік ұйымдастыру қызметі – маркетинг бойынша өздеріне жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындайтын бөлімдер мен бөлімшелердің жиынтығы ретінде көрсетілген. Маркетингті ұйымдастырудың әр түрлі формалары бар, оларды тандауға кәсіпорын мақсаттары, ресурстары болуы, басқарудың қалыптасқан құрылымы, өндірілген

өнімнің, нарықтың және маркетингтік ортаның ерекшеліктері сиякты факторлары әсер етеді. Маркетингтік қызметті ұйымдастыру белгілері ұсынылған.

Түйін сөздер. Маркетинг, нарық, кәсіпорын, бәсекелес, сатып алушы, тауар, маркетингтік талдау.

Сведения об авторах. Мамырбекова Динара Самаркановна – магистр экономики, старший преподаватель КАСУ; Сактаева Альмира Абешевна - кандидат экономических наук, старший преподаватель ВКГУ им. С. Аманжолова; Харсақ Айбол – студент специальности «Менеджмент» ВКГУ им. С. Аманжолова.

Аннотация. В статье служба организации маркетинга показана в виде совокупности отделений и подразделений выполняющих обязанности службы по маркетингу. Есть различные формы организации маркетинга, на их выбор влияют такие факторы как цель предприятия, наличие ресурсов, сформированная структура управления, особенности продукта, рынка и маркетинговой среды. Предложены признаки управления маркетинговой службы.

Ключевые слова. Маркетинг, рынок, конкурент, покупатель, товар, маркетинговый анализ.

About the authors. Mamyrbekova Dinara - master of Economics, senior teacher of KAFU; Sakaeva Almira - Candidate of Economic Sciences, Senior Lecturer of the EKSU S. Amanzholova; Aibol Kharsah - a student of the specialty "Management" of the EKSU S. Amanzholova.

Annotation. In the article, the organization of marketing is shown in the form of a set of branches and units performing marketing duties. There are various forms of marketing organization, their choice is influenced by such factors as the purpose of the enterprise, the availability of resources, the formed management structure, the features of the product, the market and the marketing environment. The signs of managing the marketing service are suggested.

Keywords. Marketing, market, competitor, buyer, product, marketing analysis

Соңғы он жылдықтағы Қазақстан Республикасы әлеуметтік - экономикалық процестерінің динамикалық өзгерістерімен, саяси және әлеуметтік өрістерде институционалды қайта құрумен, қоғамның өміріндегі экология рөлінің қүшөюмен, шетелдермен қатаинастың дамуымен ерекшеленіп отыр. Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық және қоғамдық өмірінде журіп жатқан өзгерістер шаруашылық іскерліктің жаңа жолдарын іздеумен қатар экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету үшін кәсіпорындар алдына бірқатар маңызды мәселелер қояды.

Осыланысты іс жүзінде өте маңызды және құнды мәселе ретінде маркетинг жүйесінің қалыптасуын атап өтүге болады. Еліміздегі халық шаруашылығы құрылымын қайта құру процесінде болып жатқан өзгерістер, өндіруші еркіндігі мен нарықтың ортасын өзгерткішілер көзінде көрсетілгенде басқару маркетинг тұжырымдамасын қолдануды талап етеді.

Маркетинг тұжырымдамасы нарықта кәсіпорынның белсенді басымдық саясатының стратегиясы мен тактикасы, шаруашылық іскерлігі және барлық өндірістік ресурстар түрлерін тиімді қолдану нәтижелеріне әсер ететін маңызды құрал. Еліміздегі экономикалық реформаны әлем экономикасымен интеграциялау үшін нарық механизмін, нарықты зерттеу әдістерін және принциптерін, экономикалық конъюнктураны, стратегиялық жоспарлаудың негіздерін, кәсіпорындардың нарықтың жағдайдағы бәсекелестік мүмкіншіліктерін терең білу қажет. Мұндай білімді нарықтың басқару концепциясын зерттейтін маркетинг ғылыми береді.

Қазіргі замандағы маркетингтің мәні тұтынушының қажеттілігін кәсіпорынның пайдасына айналдыратын кәсіпкерлік қызметте көрініс алады. Қазақстанда маркетинг экономикалық сала ретінде біршама жақын уақыттан бастап қолданыла бастады, ал бұған дейін бұл капитализмге ғана тән теориялық түсінік және тәжірибелі әрекет ретінде салынған келді.

Қазіргі кезде маркетинг кәсіпорындардың шаруашылық қызметін жоспарлау, өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың барлық жақтарын қамтуы тиіс. Бұл жағдай осы замандағы маркетингтің рөлі мен маңызы туралы көзқарастарға сәйкес келеді. Кәсіпорын қызметін басқару үшін қазіргі замандағы маркетинг біртұтас және жуіелі бағытта дамуы қажет.

Қазақстан Президентінің «Қазақстан – 2030» атты халыққа жолдаған стратегиялық бағдарламасында бейнеленген сұраныс пен ұсыныс тепе-теңдігі нарықтың негізгі мақсаты болып табылатындықтан, өндірісті басқару шешімдерін қабылдаудың негізгі принциптері кәсіпорнелердің негізгі тұрақты экономикалық өсу басымдылықтарына бағыттайды.

Маркетинг («market» ағылшын сөзі – «нарық») – бұл нарық пен экономикалық конъюктураны, өндіретін тауарлар мен қызмет түрлерін тұтынушылардың талабын есекере отырып, кәсіпорынның өнім өндіру мен өткізу және ғылыми-техникалық жұмысын басқарудың нарықтық тұжырымдамасымен түсіндіріледі.

Маркетинг классигі Ф. Котлердің анықтamasы бойынша: Маркетинг дегеніміз – қажеттілік пен тұтынушылықты айырбастау арқылы қанағаттандыруға бағытталған адам қызметінің түрін айтады.

Маркетинг – тұтынушылар сұраныстарына жауап беретін өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз етуде негізгі әрі ерекше рөлді аткарады.



1 сурет. Кәсіпорынның маркетинг жүйесін құрайтын элементтер

Жоғарыдағы суретте аталған маркетинг элементтері құнделікті жағдайда бір-бірімен қарым-қатынаста болып, өндірістегі маркетингтің негізі болып табылады. Стандарттық жағдайда маркетинг бәсекеле кезінде тұтынушы нарығына қызмет көрсетуді білдіреді. Компания және оның бәсекелесі өндірілген өнімді және ақпаратты тіке немесе үшінші жақ арқылы тұтынушыға жібереді. Бұл жүйенің барлық қатысуышыларына сыртқы орта факторлары бірдей әсер етеді (демографиялық, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық, саяси-құқықтық, мәдени-әлеуметтік). Тұтынушы құндылықтарын құру үшін маркетингтік жүйенің әрбір элементі өз еңбегін сіңіреді. Соңдықтан, компанияның сәттілігі тек компанияның өз қызметіне ғана тәуелді емес, сонымен қатар, ол маркетингтік жүйенің элементтері тұтынушы қажеттілігін қаншалықты жақсы қанағаттандыруына да тәуелді болады.

Маркетингтік бөлімдерінің қызметі кәсіпорынның негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға және бәсекелес жағдайда оның тиімді қызмет етуіне әсер етеді.

Маркетингтің шарушылық қызметі ретінде орындағынын толық жұмыс түрлері тізімін беру өте қыын. Сонымен бірге, кәсіпорынның мынандай сұрақтарға жауап іздеуі маркетингтің рөліне шек келтірмейді:

- Қандай тауарларды нарыққа ұсыну керек (жаңа өнімді жобалау, ескі өнімді жаңарту, немесе оның өндірісін тоқтату т.б.)?
- Өнімді кімге ұсыну керек (тұтынушыларды зерттеу)?
- Қашан және қандай шарттарды (баға, шығын, сапа, технология, т.б.) тауарға қою керек?
- Тауардың тұтынушыға қандай арнамен жетуі керек (өткізу жүйесін құру, жарнама, өтімді ынталандыру т.б.)?

Егер кәсіпорын осы сұраққа жауап берсе, яғни оның маркетинг бөлімінің қызметі оңтайлы екенін дәлелдейді. Жалпы осы сұрақтар маркетинг принциптерінің негізін құрайды.

Мұнда маркетингтің атқаратын қызметтері нарықта қалыптасқан қажеттіліктерді олардың ұқсастығына қарай біріне бірін жақындастып, оларды қанағаттандыру жалпы идеясына бағыттағанын көруге болады.



2 сурет. Қазіргі таңдағы кәсіпорындағы маркетингтің орны

Өндірістік кәсіпорынның маркетингтік қызметінің негізгі мақсаты болып өнімге сұранысты қалыптастыру және оны ынталандыру, кәсіпорынның жұмыс жоспары мен басқару жұмыстарында үткізділген қабылдай білу және өнімнің нарықта алатын үлес салмағын арттыру, сату көлемін арттыру арқылы табысты молайту болып саналады.

Кәсіпорында маркетингтік қызметті ұйымдастырудың негізгі мақсатына өндірілген өнімді сату емес, сатылатын өнімді өндіру болып саналады.

Кәсіпорында маркетингтік қызметінің негізгі функцияларына нарықты кешенді зерттеу (талдау, болжау, конъюнктура), кәсіпорынның өндірістік - өнім өткізу мүмкіндіктерін талдау, маркетинг стратегиясы мен бағдарламасын жасау, тауар саясатын жүргізу, баға саясатын қалыптастыру және жүргізу, коммуникациялық саясатты жүргізу, сұранысты қалыптастыру, өнімді өткізуде ынталандыру жатады.

Кәсіпорынның әлеуеттік мүмкіндіктеріне баға беру кешенді маркетингтік зерттеу жүргізуінде екі құрамдас бөлігінің бірі болып саналады.

Кәсіпорында маркетингтік қызметті ұйымдастырудың негізгі мақсатына кәсіпорынның бәсекелестік мүмкіндігін, оның күшті және әлсіз жақтарын анықтау және кәсіпорын жұмысын жетілдіру болып табылады.

Кешенді маркетингтік зерттеу кәсіпорынның даму бағдарламасын және стратегиясы туралы шешім қабылдау үшін негізделген база болып саналады. Нарықты болжау, нарықтағы кәсіпорынның өз жұмысын жоспарлау, стратегиясын жасау, нарықтың сұранысты қалыптастыру - кәсіпорынның ішкі жұмыстарын басқарудың маркетингтік тұжырымдамасының негізгі қағидалары болып саналады.

Маркетингтік бағдарлама және стратегиялық жоспар жасау кәсіпорынды дамыту жолдарын анықтайды және ол келесі тәртіп бойынша орындалады:

- кәсіпорынның сан және сапа көрсеткіштері анықталады
- нарықтың шарттарды болжау және талдау жолымен қол жеткізуге болатын көрсеткіштер бағаланады.

Маркетингтік зерттеу, талдау, бағдарлама дайындау жұмыстарымен кәсіпорында маркетинг белімі айналысады. Оның жұмысының нәтижесі кәсіпорынның болашағын ғана анықтап қоймай, нарықтағы тұрақты жұмыс істеуін де айқынрайтады.

Экономикалық басқарудың нарықтың тұжырымдамасы ретіндегі маркетинг қазіргі даму деңгейлері әркелкі елдерде кеңінен қолданылуымен қатар, нарық жүйесін, тауар-акша қатынастарын, ұйымдастырушылық - техникалық кешенді коммерциялық жұмыстарды, өндіріс - тауар өткізу процестерін, сондай-ақ баға мен коммуникациялық саясаттарды зерттеу және іске асыру құралына айналып отыр. Қазіргі кездеңі өндіріс дамуында маркетинг, тек қана нарықтың саясатты ғана емес, сонымен қатар кәсіпорынның өндірістік

саясатын анықтайтын, басқарудың негізгі функциясы ретінде қарастырылады. Маркетинг принциптеріне негізделген басқарудың кешенді жүйесінің мақсаты – қолда бар ресурстарды ескере отырып (материалдық, қаржылық, және т.б.) көсіпорынның алдына қойылған мақсаттардың шешілүін қамтамасыз ету (ғылыми-техникалық, өндірістік, коммерциялық және өткізу).

Көсіпорынның экономикалық және тиімді өсуі көсіпорынның басқару құрылымының тиімділігіне байланысты. Ал өз кезегінде басқарудың құрылымы болып табылатын маркетинг қызметін басқарудың тиімділігімен сипатталады. Көсіпорындағы маркетингті басқару мақсаттары мыналар:

- 1) өндіріспен және сұранысқа ие болмайтын тауарларды шығарумен байланысты шығындарды болдырма;
- 2) көсіпорынның мақсатына жету үшін сұранысты ынталандыруға байланысты шығындарды минималдау;
- 3) тұтынушылардың қажеттілігін қанағаттандырган жағдайда ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- 4) нақты тұтынушылардың және еңбек колективінің сұранысы мен қажеттілігін ескеретін әлеуметтік бағыттағы жағдайларды құру;
- 5) тауарлар мен қызметтерді кеңінен өндіруге жағдай жасау және өз имиджін көтеру;
- 6) көсіпорынның барлық бөлімшелерінің қызметкерлерінің маркетинг қызметті жүзеге асыру үшін белсенді ат салысу.

Нарықтық қатынастардың дамуына орай, экономикалық субъектілердің қызметін басқарудың нарықтық тұжырымдамасы негізінде маркетингті қолданудың объективтік қажеттілігі туындағы.

Қазақстан Республикасындағы кейбір мекемелердің маркетинг ерекшеліктері қа-зіргі заманға беймәлім. Жалпы Қазақстандағы көсіпорындардың дамуына кедергі болып тұрған негізінен макроэкономикалық факторлар, атап айтқанда:

1. Қаржы немесе ресурстардың жеткіліксіздігі, инвестициялық белсенділіктің әлсіздігі;
2. Бюджеттің әлеуметтік тұрғыдан алғандағы қатаң жобасы, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, өнімді өткізу қындықтары;
3. Импорттың өсу жағдайында ұлттық тауардың бәсекелік қабілетінің төмендеуі;
4. Салық жүйесінің жетілмелегендігі атап көрсетіледі.

Шетелдік деректерге сүйенсек, олар нақты бір фирмада жан-жақты жасалған талдау арқылы құралған ғылыми негізdemесі болған жағдайда ғана, маркетингті табысты турде қолдануга болады деп, тұжырым жасайды. Өткізіліп отырған реформалардың бір ізділік дәрежеде болмауынан, нарыққа ету кезеңінде маркетинг қызметімен айналысу тәжірибесінің аздығынан жағдай қындаі түседі. Сондықтан маркетингті іс жүзінде ұйымдастыру және оның тиімділігі мен сапалылығын көтеру маңызды мәселе болып табылады.

Қазіргі кездегі қазақстандық компаниялар маркетингілік қызметін дәрежелі турде іске асыра алмайды, осыған себеп қаржының жетіспеушілігі. Дамушы елдердің экономикасында маркетингке кетегін шығындар өнімнің өзіндік құнының 25 пайызын құрайды, ал оны әрине қазақстандық көсіпорындармен салыстыруға болмайды. Жалпы компания мүмкіншілігінде маркетинг шығындарын жоғарылатуы керек, өйткені экономикалық дағдарыс жағдайында тек қана маркетинг қызметі айтартықтай дәрежеде көмек көрсете алады. Ф. Котлер 1998 жылы қыркүйек айында өткен халықаралық Мәскеулік маркетинг конференциясындағы сөзін мысалға келтірейік: «Дағдарыс жағдайында компания дамуы үшін шығындарды төмендету керек. Бірақ маркетингке кеткен шығындарды не болса да азайтудың қажеті жоқ. Өйткені тек қана маркетологтар ғана жаңа резервтерді таба алады. Егер қарапайым құнделікті жағдайларды маркетинг өсіп өнуі үшін қажет болса, ал дағдарыс жағдайында фирмалық өмір сүруін қамтамасыз ететін жалғыз ғана механизм».

Маркетингтік мақсаттар және стратегиялық бағдарламасы осымен қатар ескірумен байланысты екендігін де ескірген жөн. Шетелдік маркетинг жолдарын қазіргі Қазақстан

экономикасына енгізуді қолға алған жөн. Оның арасындағы біздің мемлекеттің өндіріс, коммуникация және техникалық ерекшеліктерін ескеруіміз керек. Сондықтан еліміздің экономикасын нығайту жолында маркетингті тек қана қолдап, дұрыс шешімдер қабылдауға тиіспіз.

Мұнай өнімдердің маркетингтік қызметтерінің негізгі – маркетингтік саясаттың дұрыс жүргізуі болып табылады, соның ішінде мұнайды тасымалдау және экспорттау ерекше орынға ие.

Маркетинг қызметін басқару басқа да басқару қызметі сияқты оны құраушы негізгі элементтерден тұрады:

- Маркетингтік талдау және аудит;
- Стратегиялық және ағымдағы жоспарлау;
- Маркетинг қызметін басқаруды ұйымдастыру.

Маркетингтік талдау және аудит – компанияның ішкі және сыртқы ортасын, яғни оның күшті және әлсіз жақтарын зерттеу және компанияны қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін маркетингті басқару қызметін құрайтын негізгі элемент. Маркетингтік анализ бен аудиттің негізгі: кәсіпорынның технико- экономикалық көрсеткіштерін талдау, макро және микро ортасын талдау, SWOT - талдау, нарықты маркетингтік зерттеу.

Кәсіпорын қызметін жан – жақты талдау барысында алынған ақпарат жоспарлау кезінде қолданылады. Компания жоспардың үш түрін құрастырады: жылдық, ұзақмерзімді және стратегиялық. Стратегиялық жоспарлау, жоспарлау процесінің ең алғашқы баспалдағы болып табылады және өзінің құрамына компания миссиясын, мақсаттары мен міндеттерін және функционалдық жоспарларын қамтиды.

Жоспарлау процесі және қажетті ресурстарды аяқтағаннан соң компанияда маркетинг қызметін ұйымдастыру процесі орын алады. Әрбір бөлімшелердің маркетинг қызметін нақты анықтамағанда және кәсіпорындағы маркетинг қызметін басқару орталығының болмайынша бұл процесс іске аса қоймайды. Жалпы бұл қызмет компания қызметінің ерекшелігі мен міндеттеріне және мақсаттарына сай ұйымдастырылатын әртүрлі маркетинглік бөлімшелерге жүктеледі.

Маркетинг шараларын өткізгеннен кейінгі қорытындыларды маркетингтік Бақылаушы жинақтайды және талдайды. Бұл маман әр уақытта нақты қолда бар қорытындылар мен жоспарланған қорытындыларды салыстырып отыра шешім қабылдауға ұсыныстар жасайды. Маркетингтік бақылаушымен жасалған жалпы қорытындылары бойынша маркетингтік қызмет қайта қаралып, жетілдіру сатысына түседі.

Сондықтанды маркетингтің мәні оның алдына қойылған атқаратын қызметтерімен белгіленеді десек те болады. Біздің дәуірімізде маркетинг мәні жетіліп өзгерді. Оның мәннінің өзгерісі өнімді шығару және өнімді өткізу шарттары өзгерісімен байланысты. Қазіргі кезде маркетинг әрекетінің мәні сайып келгенде жоғары пайда алу үшін нарықтың, демек тұтынушылардың нақты қажеттерін зерттеу, соның негізінде фирманиң барлық қызметін (тауарды өндіру, өндеу, өткізу, жылжыту) ұйымдастыру жүйесі болып табылады. Мұнда есте болатыны маркетингке сүйене отырып фирманиң түбінде пайдалы әрекетін ұйымдастыру үшін, алғашқы оның қадамдары уақытша кездесетін қынышылықтар болып табылады. Одан кейін мол табыс әкелетін, немесе фирманиң қанағатты пайда тауып нарықта тұрақты іс-әрекетін көздейген маркетингтік нысанасы орын алуы тиіс. Осы тәрізді маркетинг нысанасы тек пайданы көбінен табуға емес, керісінше әлеуметтік, тұрақтылық, фирманиң іс-әрекетінде қауіпсіздік т.б. с.с. нысанасы болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Котлер Ф. Маркетинг негіздер. – М., 2010.
2. Котлер Ф. Маркетинг менеджмент. – СПб., 2009.
3. Есимжанова С.Р. Маркетинг в Казахстане. - Алматы, 2003.
4. Есимжанова С.Р. Маркетинг негіздері – Алматы, 2003.

УДК 379.847

ШЫГЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ТАУ ТУРИЗМІНІҢ ДАМУЫ

Зәкиева А.Е., Калиева А.Е.

Авторлар туралы мәліметтер. Зәкиева Ақерке Ерболқызы – Қазақстан-Американдық еркін университетінің «Туризм» мамандығының студенті; Калиева Арайлым Ериковна – экономика ғылымдарының магистрі, Қазақстан-Американдық еркін университетінің оқытушысы.

Аннотация. Мақалада Шыгыс-Қазақстан облысындағы тау туризмінің дамуы қарастырылған. Авторлар тау туризмін биік тау жағдайындағы таулы жерлерде салынған белгілі бір маршрут бойынша дene құаты көмегімен бір топ адамдарының қозғалысы түріндегі спорттық туризм түрі ретінде көрсетеді. Соңдай-ақ мақалада Шыгыс Қазақстанның негізгі тау шаңғы кешендерін қарастырады.

Түйін сөздер. Тау туризмі, туристтік әлеует, Шыгыс Қазақстан, туризмді дамыту, альпинизм, туристтік өнім, экстремалды спорт түрі, туристтік маршруттар, тау өзендері, туризм инфраструктуры, спорттық туризм.

Сведения об авторах. Зәкиева Ақерке Ерболқызы – студент специальности «Туризм» Казахстанско-Американского свободного университета; Калиева Арайлым Ериковна – магистр экономических наук, преподаватель Казахстанско-Американского свободного университета

Аннотация. В статье рассматриваются особенности развития горного туризма в Восточно-Казахстанской области. Авторы определяют горный туризм как вид спортивного туризма, заключающийся в передвижении группы людей с помощью мускульной силы по определенному маршруту, проложенному в горной местности в условиях высокогорья. Также в статье авторы рассматривают основные горнолыжные комплексы в Восточно-Казахстанской области.

Ключевые слова. Горный туризм, туристский потенциал, Восточный Казахстан, развитие туризма, альпинизм, туристский продукт, экстремальный вид спорта, туристские маршруты, горные реки, инфраструктура туризма, спортивный туризм.

About the authors. Erbolkyzy Akerke - a student of the specialty "Tourism" of Kazakh-American Free University; Kaliyeva Arailym - Master of Economic Sciences, teacher of Kazakh-American Free University

Annotation. In the article features of development of mountain tourism in the East Kazakhstan area are considered. The authors define mountain tourism as a kind of sports tourism, consisting in the movement of a group of people with the help of muscular force along a certain route laid in a mountainous area in high mountain conditions. Also in the article the authors consider the main mountain-skiing complexes in the East Kazakhstan region.

Keywords. Mountain tourism, tourist potential, East Kazakhstan, tourism development, mountaineering, tourist product, extreme sport, tourist routes, mountain rivers, tourism infrastructure, sports tourism.

Тау туризмі ертеден қалыптасып, өзінің табиғи ерекшелігімен адамдарды қызықтыратын туризмнің басты объектісі болып саналады. Таулар пайда болу ерекшелігіне, табиғат жағдайларының қалыптасуына қарай туристік іс-әрекеттерді жайғастыруға өте қолайлы, туристерді қызықтыратын факторлар түріне жатады. Таулар арқылы танымдық, спорттық және мәдени тәжірибелік жорықтар үйімдастыруға болады.

Тау рельефинің элементтері тау жорықтарында қозғалысқа едәуір кедергілер келтіріп отыратын сәттері кездеседі. Мұны тау жорығының табиғи кедергілері деп атайды. Тау туризмімен айналысу үшін таулардың физика-географиялық ерекшеліктерін жақын білу керек. Тау рельефинің элементтерінен қалыптасатын табиғи кедергілерден өту және қорғану тәсілі тау жорықтарының техникасы және тактикасы деп аталады.

Таулар орналасуына, қалыптасуына қарай әр түрлі болып келетіндіктен олардың беткейлері тік, қолбеу градустарға бөлінеді. Бұлардың өзі жорық қозғалысы үшін үлкен кедергі болып табылады. Сонымен қатар беткейлер қызыршық, басты қорымдар мен өсімдік жамылғысымен жамылышп жатады. Таулы аймақпен қозғалыс кезінде бұлар басты кедергіге айналады. Теніз деңгейімен салыстырғанда таулар әр түрлі болғандықтан, бұл ай-

макта ұйымдастырылатын туристік жорық түрлері де әр түрлі болады. Тау категориялық жорықтары көбінесе биік таулы аймақта ұйымдастырылады. Өйткені бұған қойылатын талаптар мен ережелерге сәйкес келеді.

Тау туризмі бұл тек әдемі ғана емес, бұл өте қызын еңбек те болып табылады. Таулардағы жаман ауа-райы, қатты жел, қардың жаууы, +20-дан -20-ға дейінгі температура үнемі кездесіп тұрады. Таулардағы ең қауіпті деген құбылыс лавина болып табылатын шығар. Қөптеген туристер, альпинистер және бүтіндей бір топтар осы қар астында қалып қалған. Таулардағы биіктік де адам баласы үшін қауіпті, 4000 м. аса биіктік адам өміріне қауіпті болып келеді. Таулы туризмде екі негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады: альпинизм мен спелеотуризм. Екі бағытта қазіргі таңда өз адамдарын табуда. Таулы туризм туристерді өзіне еліктіреді, өйткені альпинистер мен тәжірибелі туристердің айтулары бойынша «тауға бір рет шықсан, қайта-қайта оралғың қеліп тұрады» деген.

Тау туризмінде кездесетін кедергілер әр түрлі дәрежесіне байланысты топтастырылады. Олар:

1) Асулар дегеніміз тау жоталарының арасын өтуге қолайлыш ін немесе географиялық тілмен айтқанда тау аралық ершік деп аталады. Асулар биіктігіне қарай градусына байланысты және кездесетін кедергілерге қарай әр түрлі құрделілікке жіктеледі. Бұл асу категориялары деп аталады. Асу категориясы құрделілігіне қарай санмен және әріппен қоса белгіленеді. Яғни құрделі A1 асуы, одан да құрделі 1 асуы және асулар үш деңгейлікке бөлінеді: 1A 1B, 2A 2B, 3A 3B. Асулар құрделілігінде теңіз деңгейінен есептегендегі биіктігі қар немесе мұз жамылғысының болуы оның маусымдарға байланысты жатуы немесе қозғалыста болуы – қорымдар мен күә жартастың болуы, тас құлау немесе қар қөшкіні болу қаупі, үлкен тастардың болуы, асулар категориясының дәрежесін анықтайды.

2) Қорымдар. Тау жорығындағы негізгі кедергілердің бірі қорымдар. Қорымдар дегеніміз тау басынан етегіне дейін созылып жатқан белгілі бір бөліктерде ғана кездесетін жылықымалы тас үйінділері. Қорымдар жер бетіне ашық шығып жатқан гранитті тау жыныстарының сыртқы құштер әсерінен мұжілу, үгілу процесінен пайда болады. Үгілу көлеміне байланысты қорымдардың түрі де әр түрлі болады. Қой тасты, кесек тасты және қырышық тасты қорымдар.

Тау маршруттың жоспарлай отырып, жорық кезінде жергілікті жерде маршруттың асу нұктелерін айтарлықтай биіктіктерде табу үшін алдын ала азимуттарды есептеп алған пайдалы. Арнайы қауіпсіздік шараларын әзірлеу қажет: егер топ өз ішінде бөлінетін болса, байланыс және сигнал беру тәсілдерін, барлаушы топтарын бөлу, апартты жағдайлар болған кезде іс-әрекет жоспарын құру керек.

Тау туризмі деп альпинистік техника элементтері бар жаяу адамдардың ұжымдық құрделі жорығын айтады. Мұндай жорықтар бірнеше күндерге созылып, ұзаққа бағыттарға арналады. Құрделі бағыттармен жүргенде алуан түрлі табиғи жер бедері: асулар, мұздықтар, тау өзендері, тік беткейлер, т.б. құрделі жолдар кездесуі мүмкін. Тау туризмі қауіпті спорт түрлерінің қатарына жатқызылады. Тік беткейлер мен жоталар, қыс – қалтарыстардан өту, ауа-райы бұзылған жағдайда қар мен тас қөшкіні, сел жұру қаупі, атмосфералық қысымның төмендігі мен күн радиациясының жоғарылығы, осының барлығы жинала келгенде тау туризмінің расында да қауіпті спорт түрі екенін дәлелдей түседі. Өсіресе, қыс кезінде айрықша қауіпті. Туризмнің бұл түрі таулы өнірге саяхаттауды қалайтындар үшін кеңінен танымал. Тау туризмі спорттық (спортшы біліктілігін алу және оны көтеру) және әуескөй спорт түрі болып екіге бөлінеді. Спортшыларға бағыттың құрделілігі, жорықтың ұзактығы, кедергілердің қөптігі есепке алына отырып әртүрлі жоспарлар жасалады. Оның да құрделілік категориялары альпинизмдегідей бөлінеді. Әуескөй тау туризмі спорттық біліктілікті көтеруді қарастырады, сонымен қатар қандай да бір шартты қағида, ережелерсіз - ақ жеке адамның тауды танып білуіне бағытталады.

Тау шаңғы туризмінің тарихы Норвегияда XIX ғасырда басталды. Қазақстанда тау туризмі өткен ғасырдың 1910-1920 жылдары пайда болды. Қазір таудағы мұздықтар мен шындарға және асуларға есімі берілген Городецкий, Дмитриев, Титов секілді Алматы

тұрғындары алғашқы турист - зерттеушілер қатарынан саналады. Қазақстанда Алматы маңында Шымбұлақ, Кімасар, Көкжайлау, Табаган, Ақбұлақ тау шанғы орталықтары орналасқан, сонымен қатар, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды облыстарында да бірлі-жарым орындар бар.

Туризмді дамытуда Қазақстанның келешегі мол және тартымды өлкесінің бірі Шығыс Қазақстан облысы болып табылады. Мұнда туристтерді қызықтыратын көптеген нәрсeler бар – кең аумақ, керемет ландшафттар, әр-турлі климаттық аймақ, баға жетпес мәдени және тарихи ескерткіштер, туристік қызметтердің сан алуан түрі. Облыс көптеген туризм тұрларын, атап айтқанда, спорттық (альпинизм, таулы өзендермен жұзу, шанғы спорты), аң және балық аулаушылық, экологиялық, емдік-сауықтыру, этникалық, ғылыми және танымдық туризм тұрларын дамытуға жайлы территорияда орналасқан.

Шығыс Қазақстан облысының табиги – климаттық зонасына әркелкілік тән, аймақ өнірін –таулы, таулы - орманды, орман-тогайлы, далалы, шөлді, шөлейтті, ландшафт алып жатыр. Облыс аумағының көп бөлігін тау алып жатқандықтан, туризмді дамытуға зор мүмкіншілік бар. Ол шөл даладан бастап, орман алқаптары, өзен мен көлдер, биік шындардағы альпі шалғындары мен мұздықтарға дейін созылған ландшафттық – климаттық аймақтардың біртұтас жынтығы. Мұның барлығы туристік индустрияны дамытуға негіз бола алады. Ең биік шыны - қасиетті Белуха тауы (4506 м), Батыс Алтай және Марқакөл мемлекеттік қорыктары, Қатон-Қарағай үлттық саябағы, республикалық маңызы бар ресми табигат ескерткіштерінің бірі - Синегорье самырсынды тогайы, тарихи-мәдени орындар, табигаты әсем Марқакөл, Себин, Язвое, Зайсан, Рахман көлдері, Көккөл, Арасан сарқырамалары т.б. туристік - рекреациялық ресурстарға бай болып келеді. Шығыс Қазақстан облысының Кенді Алтай және Онтүстік Алтай жеріне Қалба, Сауыр-Тарбағатай таулары орналасқан. Таулардың биіктігі – 800 ден 1500 м-ге дейін, Алтайдың шығысы-3000 м-ден-4000 м. аралығында. (Мұстау тауы - 4506 м.).

Тау туризмі – таулы аймақта арнайы көлікті қажет етпейтін туризмнің кең тараган түрі. Белуха тауы альпинизм мен тау туризмін дамытуға аса қолайлы нысан болып есептеледі. Ол ТМД және Балтық маңы елдері тұрғындарының арасында аты әйгілі туристік нысандардың бірі болғандықтан, әрбір турист Алтай және Белуха шынын көруді міндегі деп есептеп, 5 баллдық категория бойынша шынды бағындыруға тырысады. Барлық маршруттар мұзды - құзды аудандармен өтеді. Белуха аяздылығы және күрделілігі жөнінен дүние жүзіндегі биік шындардан ешбір қалыспайды. Бұл жағынан ол Мак - Кинли шынына ұқсас келеді. Алтай тауларындағы Белуха шынына шығу категориясы жоғары емес, оған шығу – жақсы физикалық күшке ие болып, альпинист рангіне қабылдану деген сөз. Алтайда әртүрлі қындық және қашықтық бағыттар бойынша маршруттар ұйымдастырылған. Соның ішінде Ресей мемлекеттімен шекара аралық саяхаттар да бар. Ондай саяхаттарға жататындар «Белуха алтын шенбері» (14-15 күн), «Рахман шенбері» (13 күн), «Озерный» (14 күн), «Алтайдың биіктік полюсі» (12 күн) саяхаттары болып табылады. Белуха шыны ақ қармен жамылған солтүстік шығыстағы Сібір және Алтайдың ең биік нүктесі (4506 м). Бұл қардың, мұздың, ақырған қар көшкіндерінің, жарқыраған сарқырамаларының отаны. Ол Солтүстік Алтайдағы биіктігі 3,373м атақты екінші шың Үркіт ауыл шынымен көршілес орналасқан. Бұдан төмен қарай Үлкен және Кіші Берел мұздықтары түседі. Онтүстігінде Тарбағатай және Саура жоталары көмкерілген. Олардың арасында Зайсан қазаншұңқыры шоғырланған.

Әдетте тауга спорттық көтеріулер кезінде топ құрамында, тәжірибелі гидтер мен жетекшілердің көмегімен жүзеге асырылады. Өзіндік көтерілуге әсіресе жаңадан бастаушыларға маршруттың қарапайым болғанымен, кәсіби болып келгенінен рұқсат берілмегені дұрыс.

Ал Белуха ауданына әрқашан ауа райының ауысып тұруы тән. Қарлы сыйықтан жоғары өтегін көптеген маршруттар үшін арнайы мұзға арналған құрал-жабдықтар қажет. Қазақстанның Алтай туризмді дамытудың ең қолайлы нысаны саналғандықтан, мұнда туризмнің мынандай тұрлары дамуда: тау туризмі; ғылыми-танымдық туризм; су туризмі; курорттық туризм; спорттық туризм.

Көрікті жердің бірі - Алтай мен Сібір өлкесінің ең биік тауы Мұзтау. Мұзтау Ресей мен Қазақстан шекарасы бойымен көтерілетін екі шыңдан тұрады. Сондай-ақ аталған қос шың Қытай мен Монголия шекарасында бетпе-бет орналасқан. Екі шыңның шығыс жағындағы батыстағы шыңдан биіктеу. Бұл тауларда бірнеше шағын мұздықтар кездеседі. Мұздықтар таудың беткі бөлігінің 27 шақырым аумағын алғып жатыр. Берел олардың арасындағы ең ірі мұздық болып табылады. Биіктігі - 1950 м. Алтайдың алғашқы карталарында Оңтүстік - Шу Альпісі және Катун Альпісі деген жазбалар кездеседі. Бұлар осы өнірдің көне атаулары болып табылады. Қос шың беткейлерін мәңгі қар мен мұз базып жатады. Мұзтау тауы - облыстың табиғи көрнекті орындарының бірі. Ол тек Алтайдың ғана емес, сонымен қатар бүкіл Сібірдің ең биік шындарының бірі, реликтік ленталық қарағай орманы болып табылады. Ол – Алтайдың қарлы диадемасы. Будисттердің сенімі бойынша - Жер кіндігі, христиан ескі дәстүршілерінің ойынша - Ақсу жері. Көптеген корғандар бұл жерде үгітіліп шашылып жатыр.

Мұзтау бәктерлеріндегі б.э.д. 3-2-ші ғасырлардағы патша қабірлері. Мұнда Ресей, Қытай, Қазақстан және Монголияның шекаралары ұштасады. Тауларына жыл сайын барлық әлем бұрыштарынан альпинисттер келеді. Үлкен биіктіктер, құламалы рельеф, мұзданудың түрлі формалары қындығы бойынша түрлі категориялы тау шындарына шығуға мүмкіндік береді.

Шаңғымен тауда сырғанау шипажайлары Шығыс Қазақстанның туристік салаларының өтімді түрлерінің бірі. Оларға Глубокое ауданындағы "Нұр Tay" курорты қыста тау шаңғы курорты, жазда жанұямен серуендеуге арналған таптырмас курорты сноубордпен, шаңғымен, конькимен сырғанауға мүмкіндіктер бар, «Алтай Альпісі» демалыс орталығы Шығыс Қазақстан өзінің мәртебелі тауларымен әйгілі. Елестетіңізші, Алтайдың таза ауасы, тыныштығы мен табиғаттың тамаша көріністері. ШҚО тау шаңғы спортының тарихы 70 жылдардан бастап әлі күнге дейін қысқы демалысты әуесқойлары үшін кең иығын жаюда, Риддер қаласы маңайындағы «Эдельвейс», «Star dust», Зырян ауданындағы «Орел», Өскемен қаласы маңындағы «9-шы шақырым» базалары жатады. Тау шаңғысы базалары төңірегін аралас орман – қарағай, самырсын, үйенкі, қайың, көк терек көмкерген экологиялық таза жерлерге орналасқан. Бұл жерлер көнігі шаңғышылар мен сноубордшылар, сондай-ақ әуесқойлар үшін қысқы белсенді демалысты ұйымдастыруышылар үшін тамаша орын.

Бұдан байқайтынымыз Шығыс Қазақстанның туризмді дамыту үшін орасан зор мүмкіндіктері бар екендігін көреміз. Туристік бағыттардың кең ауқымы, оның ішінде тұмса табиғат аясына тек жаяу ғана емес, сонымен қатар салт атты саяхаттар жасауға, әр түрлі тау өзендерінің бойымен сал ағызуға, альпинизммен айналысуға, тау шаңғысымен сырғанауға, аңға шығып, балық аулауды қызықтауға мүмкіндік береді.

Жалпы Шығыс Қазақстан бойынша саяхат жасауды ұсынатын кәсіпорындар біршама. Демалушылардың көnlінен шығу үшін барлық практикалық ресустар жеткілікті, ал тәжірибелі нұсқаушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп отырады. Қыс демей, жаз демей жыл бойы түрлі демалыстар ұйымдастырылады. Қыста қар қызығын тамашалағысы келетіндерге демалыс күндері қарда жүргіштермен және тау немесе жүгіріс шаңғыларымен сырғанау ұйымдастырылады. Ал мамыр айында алғашқы өзенмен агулар басталады. Бұрықанған ағынды суда қызықты сапарлар күтеді, тәжірибелі гид-сүсеріктер жұмыс істейтіндікten қауіпсіздік те қамтамасыз етілген.

Қазақстанда кейінгі жылдары тау туризмі көпшілікті қамтитын ең дамыған демалыс түріне айналып келеді. Тауға саяхат жасау, шаңғы тебу-дене шынықтырумен бірге адамның дүние танымын да өсіреді. Ол тек қана демалудың тәсілі емес, адамдарды мәдени және рухани жағынан байытады.

Бүгінде Өскемендіктерге тау шаңғы спортымен айналысу үшін міндетті түрде қала сыртына шығу қажет емес. Шаһар аумағында, тоғызыншы шақырым деп аталатын жерде тау шаңғы трассасы бар. Ал жақында Риддер қаласында жыл он екі ай қызмет көрсететін «Анатаяу» тау шаңғы курорты жұмыс істейді. Курорт аумағында 100 шақырымға жуық тау шаңғы және қанат трассалары пайда болмақ. Сондай-ақ, бұл жерде ыстық және сұық

су, электр қуаты, автомобиль жолы мен теміржол да болады. Болашақта бой көтеретін курорттан бес шақырымдай қашықтықта Синегорье, Громатуха және Вертикаль қанатты трассалары орналаспак. Сонымен қатар, бұл жерде қысқы спорт түрлері бойынша интернат та пайда болады. Бір сөзбен айтқанда, жақында, облыс басшылығының қолдауымен «Анатауды», жалпы Риддер қаласының ірі халықаралық тау шаңғы курортына айналдырады деген үміттеміз.

Шығыс Қазақстанда қысқы туризм түрлерін дамытуға барлық мүмкіндік бар. Асқар таулы, шалқар көлді табиғатқа ие киелі мекенниң климаты да аталмыш саланы өркендегүе шақырып тұрғандай. Десек те, бүгінде облысымында туризмнің бұл саласы елі де болса кенжелеп тұр. Мамандардың айтуынша, бұған басты себеп – өңірдегі демалыс базалары туралы жарнаманың аздығы. Облыста қысқы туризмді дамыту үшін ең алдымен жергілікті халық арасында лайықты насиҳаттық жұмыс жүргізуі керек. Бұдан кейін ғана өңірге шетелдіктерді тарту жөнінде сөз қозғауга болады деп ойлайсын. Айтседе бүгінде облысымыздың тау курортына саяхаттауга Шығыс Қазақстан мен өзге облыстардан бөлек, Ресейдін бірнеше аймағынан келіп қайтуға ниет білдіріп отырғандар да барышылық. Облысымыздың үлкен аумағы, тамаша ландшафты, әр түрлі климаттық аймақтары, асқар - асқар таулыры, баға жетпес мәдени-тарихи ескерткіштері арқасында тенденсі жоқ туристік әлеуеті бар екені айқындалып, географиялық және геосаяси жағдайының ынғайлы орналасуы (Еуразия орталығы), Қытаймен, Ресеймен, Монголиямен шекаралық ынтымақтастығы туризмді дамытуда күшті жақтары болып табылатыны белгілі. Туризмнің басқа түрлері секілді тау туризмнің де дамуы қонақ үйлер құрылышы, туристік базалар, кіріс жолдар, тамақтану пункттері, жарнама өнімін даярлау, басқа да мақсаттарды қаржыландыру және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілүмен тығыз байланысты.

1964 жылы Өскеменнің өзінде ғана бес тау шаңғы базасы болып, онда 24 бапкер қызмет еткен. Қалада, жалпы облыс аумағында спортшыларды дайындаудың белгілі бір бағдарламасы жасалып, бар жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп тұрған екен. Ал бүгінде сол бапкерлердің жартысы да қалған жоқ. Әрине, бүгінде мемлекет осы олқылықтың орнын толтыруға көніл бөлуде. Дегенмен, елімізден әлем және Олимпиада чемпиондары шықсын десек, бұл жұмысты ширатуымыз керек деп ойлаймын. Мектептерде қысқы спорт түрлерінің негізі оқытылса және сабактарды білікті мамандар жүргізіп, тауға шаңғымен серуендеулер жиі ұйымдастырылып тұрса нұр үстіне нұр болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Саипов А.А. Теория и практика туризма Казахстана. - Алматы, 1999.
2. Кораблев В.А. Қазақстандағы тау туризмі: тарих беттері. - Алматы, 2008.
3. «Туризмнің белсенді түрлерінің әдіс-тәсілдерінің негіздері» пәні бойынша 050902 «Туризм» мамандығына арналған оқу құралы / С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Экономика және қаржы факультеті «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы. – Өскемен, 2007.

УДК 379.845

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІ ДАМУЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БОЛАШАФЫ

Шериязданова Н.М.

Автор туралы мәліметтер. Шериязданова Назым Мубараковна – Қазақстан-Американдық еркін университеттінің «Туризм» мамандығының студенті

Аннотация. Макалада Шығыс Қазақстан облысының аумағы қолайлы және емдік-сауықтыру туризмін дамытудың үлкен әлеуеті қарастырылған. Бүгінгі күні облыста 14 пантымен емдеу орындары бар, соның ішінде 290 орындық 6-уы жыл бойғы, жыл сайын бұл орындар 5,5 мыңдан

аса адамды қабылдайды. 5 шипажай-курорт және балшықпен емдеу, радонмен емдеу, сумен емдеу, фитотерапия әдістерін қолданатын 7 сауықтыру кешені бар. Бұл орайда, 165 орындық 3 шипажай-курорт мекемесі келушілерді жыл бойы қабылдайды. Негізгі проблема халықаралық стандарттарға сәйкес келетін инфрақұрылымның болмауы, тұрғын үй мен тамақтандырудың төмен сапасы, қызмет көрсету сапасы мен деңгейінің сәйкесіздігі. Аудандар бойынша туристтік нысандарға талдау жасалған.

Түйін сөздер. Емдік - сауықтыру туризмі, туристтік әлеует, Шығыс Қазақстан, туризмді дамыту, туризм түрлері, курорттық аймактар, туристтік бағдарлар, туризм инфрақұрылымы.

Сведения об авторе. Шериязданова Назым Мубараковна – студент специальности «Туризм» Казахстанско-Американского свободного университета.

